

**"Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру және оның құрамына енетін акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 сәуірдегі N 381 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасын орындау, экономиканы басқару жүйелерін жетілдіру, бәсекелестікті дамыту және жекешелендіру процестерін тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 874 қаулысына сәйкес компанияда пайда болған акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін және "Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясынан мемлекет мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын заңдарда белгіленген тәртіппен қайтарып алсын;

1-қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін алсын және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

"Тоған" акционерлік қоғамына өзінің жарғылық қорын толықтыру үшін қосымша құрылтайшылар таратуға рұқсат етсін;

"Тоған" акционерлік қоғамына "Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясына жататын мүлікті сатып алу құқығымен жалдау құқығын берсін;

"Тоған" акционерлік қоғамы үшін қажеттілігі шегінде Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 58-үй мекен-жайындағы әкімшілік үйін жалдауға рұқсат етсін.

2-қосымшада санамалаған акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін "Тоған" акционерлік қоғамына сенімді басқаруға берсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп "Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясының құқықтары мен міндеттері бойынша құқықтық мұрагерлерін айқындасын.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1-қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіпте және мерзімде сатсын.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы"  
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14  
қыркүйектегі N 874 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993  
ж. N 38, 437-бап);

"Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті және  
Бақылаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер  
Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 809 қаулысы.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 3 сәуірдегі  
N 381 қаулысына  
1-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері қолданылып  
жүрген заңдарға сәйкес сатуға жататын акционерлік  
қоғамдардың  
Тізбесі

"Ақтөбесукұрылысы" АҚ  
"Элмоника" АҚ  
"Бастау" АҚ  
"Темірбетон" АҚ  
"Айдын" АҚ  
"СПМК-123" АҚ  
"Ақмоламелиорация" АҚ  
"Сукұрылысиндустрия" АҚ  
"Шығысқұрылысмелиорация" АҚ  
"Көкше-Су" АҚ  
"Қостанаймелиорация" АҚ  
"Қостанайауылшарсукұбырықұрылысы" АҚ  
"Маңғыстаусукұрылысы" АҚ  
"Водник" АҚ

"Оралсуқұрылысы" АҚ  
"Павлодармелиорация" мемлекеттік холдинг компаниясы  
"Ремстройтехника" АҚ

<\*>

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.05.15. N 836  
қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 3 сәуірдегі  
N 381 қаулысына  
2-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері кейін  
жекешелендіру құқығымен сенімді басқаруға  
беруге жататын акционерлік қоғамдардың  
Тізбесі

"Алматымелиорация" АҚ  
"Монтажарнаулықұрылыс" АҚ  
"Жөнқұрылыстехника" АҚ  
"Сауда-Жерсу" АҚ  
"Жөнмелиоқұрылысмаш" зауыты АҚ  
"Оргтехқұрылыс" АҚ  
"Жамбылсуқұрылысы" АҚ  
"Арна" АҚ  
"Жерсу" АҚ  
"Еңбек" АҚ  
"Мелиорация" АҚ  
"Шымкентмелиорация" АҚ  
"Қазжайылымқұрылыс" АҚ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК